Батыс Қазақстан облысы
Казталов ауданы
«Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі
«Балбөбек» жеке бөбекжайы

БҰЙРЫҚ **Көктерек ауылы**

«01» 09 2026 ж **№ 42**

Консультативтік пункт құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелерінде ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету міндеттерін басшылыққа ала отырып,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. «Балбөбек» жеке бөбекжайы жанынан мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) консультациялық және әдістемелік көмек көрсету мақсатында Консультативтік пункт құрылсын.

2. Консультативтік пункттің қызметі 2026–2027 оқу жылынан бастап ұйымдастырылсын.

3. Консультативтік пункттің жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру әдіскер А.Ж.Жумагалиеваға жүктелсін.

4. Консультативтік пункт мамандарына мынадай міндеттер жүктелсін:

* ата-аналарға (заңды өкілдеріне) баланы тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша консультация беру;
* баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар беру;
* баланың психологиялық-педагогикалық дамуына қатысты сұрақтар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

Scanned with CamScanner

* ата-аналарға баланың үй жағдайындағы күн тәртібін, қарым-қатынасын және дамытушы ортасын ұйымдастыру бойынша көмек көрсету;
* қажет болған жағдайда баланы тиісті мамандарға бағыттау жөнінде ұсыным беру
* жеке және топтық консультациялар ұйымдастыру.

5. Консультативтік пункттің жұмыс жоспары бекітіліп, жұмыс кестесі белгіленсін.

6. Консультативтік пунктке жүгінген ата-аналардың өтініштері мен консультациялары тиісті журналға тіркеліп отырсын.

7. Консультативтік пункттің жұмысы туралы ақпарат оқу жылының қорытындысы бойынша жинақталып, талдансын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме:
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.

«Балбөбек» жеке бөбекжайының меңгерушісі : М.М.Халимуллина

Бұйрықпен таныстым: А.Ж.Жумагалиева

Scanned with CamScanner

Батыс Қазақстан облысы
Казталов ауданы
«Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі
«Балбөбек» жеке бөбекжайы

БҰЙРЫҚ **Көктерек ауылы**

« » _____ 20_____ **№42\1**

Қысқа мерзімді болу тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы 1-қосымшасының «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 28-тармағына сәйкес аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін бөбекжай жанынан қысқа мерзімді болу тобын құру мақсатында **бұйырамын:**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы 1-қосымшасының «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 28-тармағына сәйкес аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін Казталов ауданы «Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі «Балбөбек» жеке бөбекжайы жанынан 2026-2027 оқу жылынан бастап қысқа мерзімді болу тобы құрылсын.

2. Қысқа мерзімді топ ауылдағы бөбекжаймен қамтылмай отырған аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың және мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балалар қажеттілігіне қарай қамтылсын.

Бөбекжай меңгерушісі: М.М.Халимуллина

«Балбөбек» ЖЕКЕ БӨБЕКЖАЙЫ ЖСН 870105301032 ИИН

Scanned with CamScanner